29.08.2024 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімі негізінде жалпы орта сыныптар үшін вариативтік компоненттен элективті курстар төмендегі үлгіде бөлінді: Жаһандық құзыреттілік бойынша курстар оқу жылында Үлгілік оқу жоспарлардың вариативтік компоненті есебінен 1 -сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» (аптасына 1 сағат) жүргізу ұсынылады. 10 «А» сыныбына

1. **"Жаһандық құзыреттілік"** курсының оқытылу мақсаты білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

2. **«Орфография және пунктуация мәселелері»** курсының мақсаты оқушылардың пунктуация бойынша білімдерін тереңдету, тыныс белгілерінің қойылу реті мен ерекшелігіне тоқталып, жаттығу жұмыстары мен өздік іздену арқылы тақырыпты меңгерту.

3. **«Эссенің түрлері мен жазу тәсілдері»** курсының негізгі мақсаты білім алушылар әртүрлі тезистер, дәлелдер келтіре отырып, берілген тақырыпты ашу, автордың өз тәжірибесіне негізделген жеке позициясын ұстануына мүмкіндік жасау. Эссе жазуда сөзді әлеуметтік қызметіне сай орынды қолдана білу; білім алушылардың өздігінен ізденуіне, шығармашылық әрекеттенуіне жол ашу; өз ой пікірін жетекізуде жауапкершілігін сезіндіру. Нәтижесінде: білім алушылардың шығармашылық қабілетін арттыра отырып, өз ойларын толық жеткізе алады, тілдік қоры кемелдене түседі.

10 «Ә» сыныбына

1. **"Жаһандық құзыреттілік"** курсының оқытылу мақсаты білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

2. **«Телекоммуникация желісі»** курсының мақсаты оқушыларға физика курсынан тыс телекоммуникация байланыс жайлы, ерте кездегі байланыс түрлерінен бастап, қазіргі заманғы сандық хабар тарату желілеріне дейінгі байланыс тарихына және байланыс алмасудағы физика ғылымының маңыздылығына кеңінен тоқталып, ақпарат беру.

3. **"Адам денсаулығы және химия"** оқушылардың биология және химия пәніне таным қызығушылығын арттыра отырып, дүниеге ғылыми көзқарасты қалыптастыру; қоршаған ортадағы, тұрмыстағы, бір сөзбен айтқанда адам өмірінде пайданылатын немесе тікелей қарым – қатынаста болатын әр түрлі химиялық заттар, олардың адам ағзасына пайда-зияны, қолданылу ерекшеліктері және техникалық қауіпсіздік ережелері жөнінде теориялық біліммен бірге практикалық білікті меңгерту, яғни тиісті биохимиялық материалдарды өмірде дұрыс пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Топқа бөлуде:

Алгебра және анализ бастамалары, геометрия пәндерін оқытудың мақсаты- сабақтарында әртүрлі мазмұндағы мәтінді есептерді (пән аралық есептер, тәжірибеге бағытталған тапсырмалар, ситуациялық есептер)

шешуге көп-көңіл бөлініп, олардың кейбіреулерін шығару барысында есептің мәтіні бойынша математикалық модель құрастырылады.

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша қосымша иррационал теңсіздіктерді шешу әдістерін; ықтималдықтарды қосу және көбейту формулаларын қорытып шығаруға, тригонометриялық, көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу алгоритмдерін; иррационал теңдеулерді шешу алгоритмін; қарапайым стереометриялық сызбаларды орындау техникасын; есептерді шығаруда түзулердің параллель, айқас және перпендикуляр болуының, көпжақтардың (текше, тікбұрышты параллелепипед, пирамида) жазықтықпен қимасын талдайды; тригонометриялық, көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің түрлі әдістерін; иррационал теңдеулерді шешудің әдістерін; көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларының модельдерін; нақты құбылыстар мен процестердің ықтималдық модельдерін жинақтайды.

Нәтижесінде: Оқушылар толық түсінбейтін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша қосымша оқиға ықтималдығын табуға арналған комбинаторика формулаларын; иррационал теңсіздіктерді шешудің түрлі тәсілдерін; кері тригонометриялық функциялардың анықтамалары және өзара кері функциялардың қасиеттері негізінде кері тригонометриялық функциялардың қасиеттерін жинақтай алады.

"Қазақ тілі" пәнін оқытудың мақсаты- білім алушы сөйлеу тәртібінің, бағалаудың ашық және жасырын берілген түрлерін талдай отырып, тілдесу және стильдік қатыстылығы бар түрлі саладағы мәтіндерді түсінеді; дайындалған және дайындалмаған монологтік және диалогтік, оның ішінде көпшілік алдында тілдесу жағдайында коммуникацияның әртүрлі мақсаттарына қол жеткізеді; тыңдаушыларға әсер етуге талпына отырып, сөйлеу тәртібінің тактикасын іске асырады; өзінің көзқарасын білдіре отырып, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты талдайды және сыни тұрғыдан бағалайды; мәтіннің мазмұнын болжайды; стилистикалық дифференциацияны есепке ала отырып, тілдік бірліктерді қолдану құрылымы мен нормаларын сақтайды;

Нәтижесінде: білім алушы түрлі типте, жанр мен стильде, оның ішінде әсер етуші сипатқа ие мәтіндерді құрастырады; ақпаратты қысқарту және кеңейту тәсілдерін қолдана отырып, тұтас және аралас мәтіндерді құрастырады; өзінің пікірін дәлелдей отырып және зерттеу дағдыларын қолдана отырып, шығармашылық, академиялық сипатта мәтіндер, жаһандық мәселелер бойынша эссе жазайды; түрлі жазбаша немесе ауызша дереккөздерінен алынған ақпаратты жинақтайды және оны нақты дәлелденген жүйелі түрдегі хабарлама түрінде ұсынады; мәтіндерді түзетеді және редакциялайды; жоспарлардың әртүрлі түрлерін құрастырады; грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық нормаларды сақтайды.

Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың мақсаты- оқу бағдарламасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни тұрғыда ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді. Бұл пән әдеби шығармаларды оқытып қана қоймай, танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға да негізделген. Оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес пәннің мазмұны мен білім, білік, дағдыларының көлемі анықталған. Әр сыныпта оқытылатын шығармаларды таңдау кезінде қазіргі замандағы баланың жас ерекшелігімен қатар танымдық ерекшеліктері ескерілген. Көркем шығармаларды толық оқу міндеттеледі. Сол арқылы оқушыға автордың идеясын толық түсінуіне, шығарманы жан-жақты талдай алу қабілетін дамытуға және оқырмандық қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік беріледі.

Нәтижесінде: Оқушы толық түсінбей ұзын сонар туындыларды шала шарпы оқып шығудан гөрі бір шығарма болса да оны саналы түрде түсініп, талдап, зерттеп, кейіпкерлерді салыстырып, олардың әрекетіне баға беріп, сол шығармалар арқылы оқырмандық сауаттылығын қалыптастыру көзделеді.

Физика пәнін оқытудың мақсаты- оқушылардың ғылыми көзқарасының негізін қалыптастыру. Әлемнің жаратылыс танымдық – ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауды, қажетті практикалық есептердің шешімдерін таба білуге дағдыландыру. Адамның өндірістік қызметі мен қоршаған орта жағдайы арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды, нанотехнологияның қолдану салаларын; Ғаламның жай-күйін сипаттайтын параметрлерді және оны дамытудың ықтимал жолдарын талдайды. Жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша кейбір бөлімдердің оқу мақсаттарының күрделілігі мен қиын тақырыптарды меңгерту жолдарын қарастыру мақсатында 10 сыныптарды екі топқа бөлу қарастырылған.

Нәтижесінде: Физика пәні сабақтарында білім алушылар тәжірибелер өткізіп қана қоймайды, мәліметтерді жинақтайды, жазып алады және талдайды, градиентті тәуелділігі мен табуға қатысты кестені құрастырады, тәжірибе өткізуге әсер ететін факторларды анықтайды және оны жақсарту жолдарын ұсынады. Осының арқасында, әрбір білім алушы зерттеу жолын жеке меңгереді және қандай да болмасын физика заңдылығына қатысты қортынды жасай алады.

Биология пәнін оқытудың мақсаты – практикалық дағдылар биологиялық білім беру мазмұнының маңызды бөлігі болып табылады. Сабақта үлкейткіш құралдарды қолдану, аспаптармен және препараттық инемен жұмыс, уақытша микропрепараттар дайындау, оларды микроскоппен қарап, анықтау сияқты іс-әрекеттер де тәжірибелік дағдыларға жатады. «Биология» пәнін оқыту зияткерлік

немес ақыл-ой дағдыларын дамытуды қамтиды. Мысалы, таным процесін жетілдіруге бағытталған атау, сипаттау, негіздеу, анықтау, салыстыру, жалпылау және т.б. сипаттамалар бар.

Нәтижесінде: Білім алушылар тәжірибе жұмыстарын орындау кезінде алған деректердің негізінде жаңалықтар ашады, табиғаттағы заңдылықтарды өз бетімен табады, деректерді өңдеу, нәтижелерді анықтап, салыстыра алады.

География пәнін оқытудың мақсаты- табиғатты пайдаланудың аймақтық ерекшеліктерін; табиғатты пайдаланудың негізгі әкімшілік, экономикалық және құқықтық механизмдерін; заманауи экологиялық саясаттың бағыттарын; қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін; өмір сүру сапасының көрсеткіштерін; экономикалық жүйелер модельдерін; Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарға қатысуын; адамзаттың заманауи ғаламдық проблемалары және олардың жергілікті, аймақтық деңгейлердегі көрінісін; ұлттық мүдделер тұрғысынан Қазақстан Республикасының геосаяси белсенділігінің бағыттарын; дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтарын анықтау;

Нәтижесінде: геосфералардың параметрлері мен экологиялық жағдайын; геосфераға тиетін антропогендік жүктемені және олардың салдарын; кез келген дәрежедегі аумақтардың географиялық және геосаяси жағдайын, табиғи-ресурстық әлеуетін; табиғи ортаның сапасын; экологиялық тәуекелдерді; экологиялық дағдарыстың дәрежесін; табиғатты қорғау шараларының тиімділігін; қоршаған табиғи ортаны қорғау мен табиғатты пайдаланудағы ғылыми-техникалық прогрестің деңгейін; қоршаған ортаның сапасын; өмір сүру сапасын; түрлі мемлекеттердің халықаралық салыстырулардағы көрсеткіштері мен орнын; дүниежүзілік шаруашылықтың түрлі даму модельдерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін; ғаламдандудың дүниежүзі елдеріне тигізетін жағымды және жағымсыз әсерлерін; мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін; геосаясат субъектілерінің геосаяси белсенділігінің тиімділігін; халықаралық ұйымдардың қызмет ету нәтижелерін бағалайды.

Химия пәнін оқытудың мақсаты- табиғатта, тұрмыста және өндірісте болып жатқан химиялық құбылыстарды түсіндіру үшін; заттарды сапалық талдау әдістерін; қоршаған ортада экологиялық сауатты болу ережесін; қоршаған ортаның химиялық ластануының тірі ағзаларға әсер етуін бағалау әдістерін; химиялық эксперименттер нәтижелерін әзірлеу, жүргізу, бақылау, жазу және талдау үшін ғылыми әдістерді білу және сыни тұрғыда ойлауды; практикалық және эксперименттік біліктерін кең ауқымда дамытуға, табиғи құбылыс ретінде химия туралы білімдерін тереңдету негізінде білім алушылардың түсінігін кеңейтуге бағыттап, жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде: Оқу пәні жаңа заттарды ашуға мүмкіндік береді, бар детектерге сүйеніп, қоршаған ортаның экологиялық жағдайын бағалауға баулиды және өмірмен тығыз байланысын қарастырады.

Информатика пәнін оқытудың мақсаты- ақпараттық объектілерді жасау және өзінің жұмыс нәтижелерін ресімдеу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды; деректер қорында сұраныс құрастыру ережелерін; құжаттарды редакциялау мен сақтау барысында бұлтты технологияларды; web-сайттарды және мобильдік қосымшаларды жасау барысында бағдарламалау элементтерін; желіде жеке қауіпсіздік және желі этикеті ережелерін; дыбысты және бейнені өңдеу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдануға бағыттайды. Ақпаратты іздеу үшін бірнеше белгілер мен қатынас операторларын қолдану арқылы сұранысты; есепті модельдеу, алгоритмдеу және бағдарламалау арқылы шешудің тиісті әдістері мен тәсілдерін анықтау үшін есепті; компьютерде өңдеу мен есептеудің қойылған міндетке сәйкестігінің нәтижелерін; анағұрлым тиімдісін анықтау үшін әртүрлі тәсілдермен есептерді шешу жолдарын анықтайды.

Нәтижесінде: жобаны модельдеу мен әзірлеу барысында қойылған мақсаттарға сәйкес өз қызметінің нәтижелерін (нақтылық, өлшемділік, қолжетімділік, шынайылық, қатыстылық); бағдарламалау құралдарын қоса алғанда қолданыстағы бағдарламалық қамсыздандырудың артықшылықтары мен кемшіліктерімен қорытынды жасайды.

Қазақстан тарихы пәнін оқытудың мақсаты- Қазақстан мен Орталық Азия территориясында өмір сүрген мемлекеттер мен мәдениет ошақтарын уақыт пен кеңістікте анықтау кезінде; Орталық Азия көшпенділері мәдениетінің қалыптасу мен даму ерекшеліктерін анықтауда; түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық мәдени даму ерекшеліктерін анықтау кезінде; Қазақстанның дамуындағы тарихи тұлғалардың рөлін анықтауда; Қазақстанның өткен және қазіргі кездегі оқиғалары мен құбылыстарына қатысты өз позициясын анықтау кезінде тарихи ойлау дағдыларын қолданады; қазақстанның тарихи дамуын әлемдік тарих контекстінде, ортақ белгілері мен ерекшеліктерін анықтай отырып; түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстан территориясындағы өркениеттер мен мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуына түрлі факторлардың (географиялық, демографиялық,

миграциялық, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени) ықпалын; себеп-салдар байланыстарын анықтау мақсатында Қазақстан тарихындағы тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды; тарихи тұлғалар қызметінің себептері қарастыру.

Нәтижесінде: Қазақстан тарихы бойынша ғалымдардың еңбектері мен деректерді; Қазақстан аумағындағы этногенез, саяси және мәдени процестерге қатысты негізгі ғылыми теорияларды; бүгінгі Қазақстанның даму үрдістері мен перспективаларын талдайды; түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның дамуына (географиялық, демографиялық, көші-қон, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени) түрлі факторлардың ықпал ету дәрежесін; отан тарихына ықпалы контекстінде тарихи тұлғалардың қызметін; Орталық Азия халықтары мәдениетінің әлемдік өркениет дамуына қосқан үлесін; тарихи мәліметтердің шынайылығын; Қазақстан тарихының этникалық, саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық мәселелері бойынша түрлі ғылыми теориялардың дәлелдік дәрежесін бағалайды.

Дүниежүзі тарихы пәнін оқытудың мақсаты-әлемдік тарих барысына ықпал еткен әскери-саяси оқиғаларды; әлемдік мәдени-тарихи прогреске ықпал еткен әлемдік жаңалықтар және жетістіктерді; қазіргі әлемдік мәдениеттің жағдайы мен тарихын; адамның, қоғамның пайда болуы мен дамуына қатысты, әлем халықтары мен өркениеттерінің негізгі ғылыми теорияларын; дүниежүзі тарихы бойынша негізгі деректер,мәдени-тарихи процесті оның бірлігі мен алуан түрлілігін, экономикалық, мәдени өзгерістерге ішкі және сыртқы факторлардың ықпалын; әлемдік қоғамдық ойдың дамуындағы тарихи аспектілерді; тарихтың дамуына тұлғалардың ықпалын; жаһандық әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау үшін жалпы адамзаттық құндылықтардың маңызын түсінеді;

Әлем халықтарының ортақ белгілері мен ерекшеліктерін анықтай отырып тарихи дамуын; түрлі тарихи кезеңдерде қоғамның қалыптасуы мен дамуына түрлі факторлардың (географиялық, демографиялық, көші-қон, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени) ықпалын; себеп-салдарлық байланыстарын анықтау мақсатында әлем тарихының оқиғаларын, құбылыстарын, процестерін; тарихи тұлғалар қызметінің себептері мен нәтижелерін; тарихи деректерді; этногенез, саяси және мәдени процестерге қатысты негізгі ғылыми теорияларды; жаһандану жағдайында бүгінгі қоғамның дамуын анықтаға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде: тарихи талдау әдістерін қолдана отырып шығармашылық, танымдық, зерттеушілік, жобалық сипаттағы жұмыстарды; әлем халықтарының тарихи дамуының жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтау мақсатында салыстырмалы тарихи сипаттамаларын; әлемдік тарихи-мәдени процесс туралы тұтас түсініктері мен тарихи санасын қалыптастыру үшін тұжырымдар мен гипотезаларды жинақтайды, түрлі тарихи кезеңдердегі қоғамның дамуына (географиялық, демографиялық, көші-қон, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени) түрлі факторлардың ықпал ету дәрежесін; әлем тарихының ықпалы контекстінде тарихи тұлғалар қызметін; әлемдік өркениеттің қалыптасуы мен дамуына түрлі әлем халықтары мәдениетінің қосқан үлесін; тарихи деректердің шынайылығын; әлем тарихының этникалық, саяси, мәдени және әлеуметтік-экономикалық мәселелері бойынша түрлі ғылыми теориялардың дәлелдік дәрежесін бағалайды.

«Келісілген»

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
"Амангелді ауданының білім бөлімі" ММ
басшысы:  М.С.Дихамбаев



«Бекітілген»

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
"Амангелді ауданы білім бөлімінің Амангелді
жалпы білім беретін мектебі" ЖММ
мектеп директоры:  Б.Ш.Дауитбаев



**2024-2025 оқу жылында
оқыту қазақ тілінде жүргізілетін
қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша
жалпы орта білім берудің
жұмыс оқу жоспары.**

"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымшасына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығына 131-қосымша "Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары" негізінде жасалған.

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны			Жалпы жүктеме	
		10 «А»	11 «А»	11 «Ә»	апталық	жылдық
Инварианттық компонент						
1	Қазақ тілі	2	2	2	6	204
2	Қазақ әдебиеті	3	3	3	9	306
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	2	6	204
4	Шетел тілі	3	3	3	9	306
5	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	3	9	306
6	Геометрия	1	1	1	3	102
7	Информатика	1	1	1	3	102
8	Физика	2	2	2	6	204
9	Химия	2	2	2	6	204
10	Биология	2	2	2	6	204
11	География	1	1	1	3	102
12	Қазақстан тарихы	2	2	2	6	204
13	Дүниежүзі тарихы	2	2	2	6	204
14	Құқық негіздері	1	1	1	3	102
15	Дене шынықтыру	3	3	3	9	306
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	1	3	102
Инварианттық оқу жүктемесі		31	31	31	93	3162
Вариативтік компонент						
Жаһандық құзыреттілік		1	1	1	3	102
Элективті курстар		2	2	2	6	204
Орфография және пунктуация мәселелері		1	-	-	1	34
Эссенің түрлері мен жазу тәсілдері		1	1	1	3	102
Физика пәнінен күрделі есептер шығару		-	1	1	2	68
Вариативтік оқу жүктемесі		3	3	3	9	306
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		34	34	34	102	3468

Түсінік хат

11 «А,Ә,Б» сыныптар үшін

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің «Амангелді жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024-2025 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 11 «А,Ә,Б» сыныптарындағы оқу жұмыс жоспары мынадай құжаттар негізінде жасалды:

МЖМБС(мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты)2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» т.б Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс.

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы , 23.09.2022 жылғы №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

–«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы); ҚР Оқу ағарту министрінің 12.08.2022 жылғы №365 бұйрығы , 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығы , Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 131-қосымшасы , 132-қосымшасы

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер , таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»(ҚР Оқу ағарту министрінің 16.09.2022 жылғы №399 бұйрығы , 21.11.2022 жыл №467 , 05.07.2023 жыл №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен);

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау , аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы,ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 жылғы №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен);

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар»санитарлық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 жылғы ҚР ДСМ№76 бұйрығы);басшылыққа алынады.

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хат (Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана 2024 ж);

29.08.2024 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімі негізінде жалпы орта сыныптар үшін вариативтік компоненттен элективті курстар төмендегі үлгіде бөлінді: Жаһандық құзыреттілік бойынша курстар оқу жылында Үлгілік оқу жоспарлардың вариативтік компоненті есебінен 11 «А,Ә,Б»сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» (аптасына 1 сағат) жүргізу ұсынылады. Жалпы орта білім беру мектептерінің 11-сыныптарында "Технологиялық дайындық" бөлімі (34 сағат) оқытылады, онда автокөлік құралдарының қозғалысы мен қауіпсіз жүру ережелерін зерделеу қарастырылған. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 11-сыныпта 16 сағаттық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. "Өмір қауіпсіздік негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.Оқу жылының ұзақтығы 10-11-сыныптарда - 34 оқу аптасын құрайды. 2024 жылғы 2-қыркүйек алғашқы оқу күні, оқудың аяқталуы - 2025 жылғы 23 мамыр

1.«Жаһандық құзыреттілік» курсының оқытылу мақсаты білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

2.«Физика пәнінен күрделі есептер шығару» курсының негізгі мақсаты оқушылар бойына физика ғылымдарына деген шынайы сүйіспеншілікті дарыту, олардың танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту, деңгейлік есептер шығару үшін , сондай-ақ салалардағы процестер мен құбылыстарды сипаттау және физикалық әдістерді таңдауға үйрету , эксперименттік жұмыстарды орынды жүргізу және есептеу , өлшеу , зерттеу нәтижелеріне физикалық тұрғыда баға беру біліктерін, оқушылардың шығармашылық жұмыстарын көрсету мақсатында семинар – сабақтарды ұйымдастырып беру.

3. «Эссей түрлері мен жазу тәсілдері»курсының негізгі мақсаты білім алушылар әртүрлі тезистер,дәлелдер келтіре отырып , берілген тақырыпты ашу,автордың өз тәжірибесіне негізделген жеке

позициясын ұстануына мүмкіндік жасау.Әссе жазуда сөзді әлеуметтік қызметіне сай орынды қолдана білу; білім алушылардың өздігінен ізденуіне ,шығармашылық әрекеттенуіне жол ашу ; өз ой пікірін жетекізуде жауапкершілігін сезіндіру.Нәтижесінде: білім алушылардың шығармашылық қабілетін арттыра отырып,өз ойларын толық жеткізе алады,тілдік қоры кемелдене түседі.

4. «**Медициналық биология**»курсының оқытылу мақсаты: Оқытуды қажетті дәрежеде дараландыру, әрбір оқушының қызығушылығы мен қабілетін анықтау үшін тиімді жағдай жасау.Медициналық биология ғылымының негізгі қағидаларын, ағзалардың тіршілік әрекеттерін, олардың жеке және тарихи дамуы, жүйесі, құрылымы , қызметі, адам әрекетінің медициналық биологияда болатын өзгерістерге әсері туралы білімді қамтамасыз ету.

Оқушылардың жалпы дүниетанымын қалыптастыруда биологиялық ұғымдарды, көзқарастарды, заңдылықтарды негізгі тірек ретінде пайдалана білу.

Пәнаралық байланысты қалыптастыру.

«Келісілген»

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
"Амангелді ауданының білім бөлімі" ММ
басшысы М.С.Дихамбаев



«Бекітілген»

«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
"Амангелді ауданы білім бөлімі" Амангелді
жалпы білім беретін мектебі» КЖМ
мектеп директоры Б.Ш.Дауитбаев



**2024-2025 оқу жылында
оқыту қазақ тілінде жүргізілетін
жаратылыстану-математика бағыты бойынша
жалпы орта білім берудің
жұмыс оқу жоспары.**

"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымшасына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығына 132-қосымша "Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары" негізінде жасалған.

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме, сағат	
		10 «Ә»	11 «Б»	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
1	Қазақ тілі	1	1	2	68
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	136
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	136
4	Шетел тілі	3	3	6	204
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	272
6	Геометрия	2	2	4	136
7	Информатика	2	2	4	136
8	Физика	2	2	4	136
9	Химия	2	2	4	136
10	Биология	2	2	4	136
11	География	2	2	4	136
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	136
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	68
14	Құқық негіздері	1	1	2	68
15	Дене шынықтыру	3	3	6	204
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	68
Инварианттық оқу жүктемесі		32	32	64	2176
Вариативтік компонент					
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	68
Элективті курстар		2	2	4	136
Телекоммуникация желісі		1	-	1	34
Адам денсаулығы және химия		1	-	1	34
Физика пәнінен күрделі есептер шығару		-	1	1	34
Медициналық биология		-	1	1	34
Вариативтік оқу жүктемесі		3	3	6	204
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		35	35	70	2380